

"Суды бақылау мен есепке алуды нормативтік-техникалық, санитариялық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету талаптарын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 1 маусымдағы № 19-2/508 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 4 маусымдағы № 110-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 9 маусымда № 36225 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 10.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 27-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Суды бақылау мен есепке алуды нормативтік-техникалық, санитариялық-эпидемиологиялық және метрологиялық қамтамасыз ету талаптарын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 1 маусымдағы № 19-2/508 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11836 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2025 жылғы 10 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және
ирригация министрі

Н. Нуржигитов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Өнеркәсіп және құрылыс министрілігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК